



АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№36 (98) 5 қыркүйек 2025 жыл

● КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ ОРАЙ

55 МЕТРЛІК БИІКТІКТЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТҮ ЖЕЛЫРЕДІ

30 тамыз-Қазақстан елінің әр азаматы үшін айтулы күн. Бұл – баршаға ортақ мереке, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні. Қонаев қаласының жұртшылығы тәуелсіздік пен тұтастықтың кепілі ретінде ел бірлігін бекемдеген, тұрақтылық пен татулықтың тұтқасы болған Ата Заңның 30 жылдық мерекесін айрықша атап өтті.

Бұл күні қала тұрғындары мен қонақтарының назары бірден орталық алаңдағы орнатылған биіктігі 55 метрлік тұғырға, ені 7, ұзындығы 14 метрлік Мемлекеттік Туға ауған еді. Бұл биіктік бұрын Қапшағай, қазір Қонаев атанған қаланың 55 жылдығын білдіретін айрықша символ екендігін есте салды.

-Ата Заңға құрмет - егемендігіміз бен елдігімізге құрмет. Конституцияны тірек ету, заңды сыйлап, оған бағынатын саналы азамат боп қалыптасу – толеоранттық, тұрақтылық пен ынтымақтың белгісі. Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Конституция күні - біздерді елдікке, жасампаз істерге бағыттауың айрықша дата. Баршаңызды осы қастерлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын!-деді құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев.

-Аталмыш мерекеге орай облыс көлемінде жаңадан 11 мектеп, фельд-

шерлік пункт, мәдениет үйі, халыққа қызмет көрсету орталығы, екі өнеркәсіптік кәсіпорын пайдалануға берілді. 2022 жылдан бері облыста 33 жаңа мектеп салынып, бұл үш ауысымдағы білім беру мекемелерінің санын айтарлықтай қысқартты. Әлеуметтік инфрақұрылым да қатар дамып келеді. Денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандары салынды.Өңір экономикасы тұрақты өсім көрсетіп, соңғы үш жылда тартылған инвестиция көлемі екі есеге артты-деді облыс әкімі.

Бүгінгі қол жеткен жетістік-Ата заңның беріктігінің жемісі. Тыныштық пен тұрақтылық сақталған өлкеде берекелі бастамалар аз болмасы анық. Аймақтың инвестициялық көрсеткіштерінің артуы осы сөздің нақты дәлелі десек, қателеспейміз.

«Қазақстан Конституциясына 30 жыл» мерейтойлық медалімен облыстық мәс-

лихаттың төрағасы Қуат Байғожаев, облыстық сайлау комиссиясының төрайымы Мейрамгүл Айтова, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Қазыбек Дәуталиев, облыс прокурорының аға көмекшісі Алмагүл Қалысқызы, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Асылан Ораз және мәдениет, архивтер және



құжаттама басқармасының басшысы Данияр Әлиев марапатталды. Облыс әкімінің Құрмет грамотасы өңірдің дамуына, бейбітшілік пен тыныштықты нығайтуға зор үлес қосқан құқық қорғау, әділет және мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне табыс етілді. Сонымен қатар, облыс әкімінің Алғыс хаттарын қаржы жүйесі қызметкерлері мен заңгерлерден бастап, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері, түрлі сала өкілдері алды.

Іс-шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Рухты көтеретін патриоттық әндер шырқалып, жиналған көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.



ТҰРҒЫНДАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толу мерейтойы қарсаңында Қонаев қаласындағы көпбалалы және тағы басқа санаттағы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар баспаналы болды.

«Қарлығаш» шағынауданында қоныс тепкен жеке тұрғын үйлердің кілтін табыстау рәсіміне әкімдік қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен қала тұрғындары қатысты. Салтанатты жиында сөз қала әкімі Асхат Бердіхановқа берілді.

– Тұрғындар үшін сенімді болашақ пен әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету – мемлекеттің негізгі бағытының бірі. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттік-әлеуметтік саясаттағы басымдық екенін айтып, баспанамен қамту мәселесіне баса назар аударған болатын. Бүгінде Қонаев қаласында 4 мыңға жуық адам кезекте тұр. Жыл басынан бері облыс орталығында 80 пәтер

пайдалануға берілді. Сонымен қатар халықтың әлеуметтік осал топтары мен жергілікті атқарушы органдардың кезегінде тұрғандар үшін бөлінген 1,7 млрд теңгеге пәтер сатып алу жоспарлануда. Былтыр «Қарлығаш» шағынауданында «R&M Construction» ЖШС салған бірқабатты 18 тұрғын үйді облыс әкімдігі тарапынан сатып алынды. Бүгінгі салтанатты шарада сол үйлердің кілтін Қонаев қаласында кезекте тұрған түрлі санаттағы азаматтарға табыстағалы тұрмыз, – деген шаһар басшысы жыл соңына дейін 224 пәтер сатып алынып, кезекте тұрған әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілетінін айтты.

Келесі кезекте Асхат Ермеқұлы 10 отбасыға тұрғын үйдің кілттерін салтанатты

түрде табыстады. Баспаналы болу бақытына ие болған Анастасия Нетисова сөз алып, қолына тұрғын үйдің кілтін алған кездегі қуанышын сөзбен жеткізе алмай толқып тұрғанын айтып, баспана машақатын бастарынан кешіп, қиналып жүрген отбасыларға жұғысты болуын тіледі.

Жаңа тұрғын үйдің иесі атанғандардың көптен күткен қуанышын бөлісіп, қонысқа құтты болсын айтып, шашу шашып, ақжарма тілектерін арнаушылардың қарасы мол болды. Соның бірі Қонаев қалалық «Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жанат Қалжанова көпбалалы аналардың баспаналы болып жатқанына өзі үйлі болғандай қуанып тұрғанын жасырмады.

Баспаналы болғандардың қуанышын бөлісуге жиналған қауым Динара Тәуірбаева мен Әсем Әлімханованың шаңырағында болып, дастарханнан дәм татты. Қала әкімі құтты болсын айтып, «R&M Construction» ЖШС өкілі сый-сияпат табыстап, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық орынбасары Амангелді Беспәев ақ батасын берді.

Осы орайда бұл жеруілердің пәтер сатып алу құқығымен жалға беріліп отырғанын, оны алғашқы жарнасын төлеу арқылы жекешелендіріп алуға мүмкіндік болатынын атап өткен жөн.

Қонаев қаласы облыстың жаңа орталығы болғаннан бастап мұнда тұрғын үй құрылысы қарқын алуда. Алдағы уақытта қала бойынша жалпы ауданы 161 мың шаршы метр болатын 72 тұрғын үй құрылысы жүзеге аспак. Жыл соңына дейін баспанамен қамтылған отбасылар саны 200-ден асады деп күтілуде.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Қонаев қаласы.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Іле ауданы

Абайдың шығармашылығы насихатталды

Жақында Іле аудандық әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Мұрат Тоқашбаевтың бастамасымен Өтеген батыр кентіндегі аудандық кітапханада Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған ауқымды іс-шара өтті.

Шараның басты мақсаты ұлы ойшылдың 45 қара сөзін насихаттау, оның тағылымдық мәнін бүгінгі ұрпаққа жеткізу және қазақтың рухани қазынасын жас буын санасына сіңіру болды. Жиналысты Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Ә. Исаев ашып, қатысушыларды Абай күнімен құттықтап, мерейтойлық шараның мән-маңызы мен мақсатын айқын жеткізді. Ол Абайдың қара сөздерінің терең ойға жетелейтінін, ұлтты тәрбиелеудегі рөлін атап өтті.

Кездесу барысында қатысушылар Абайдың қара сөздерін салыстырмалы түрде талдап, әрбір ой-тұжырымның өміршендігі, тәрбиелік, адамгершілік маңызы төңірегінде пікір алмастырды. Ұлы ойшылдың сөздері қазіргі қоғамдағы рухани құндылықтарды нығайтудағы бағдаршам іспетті екені айтылды. Шара соңында жиналғандар Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін бірге шырқап, мерекелік көңіл-күйді еселей түсті. Қатысушылар іс-шарадан алған әсерлерімен бөлісіп, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді. Соңында ауыл ақсақалы, батагөй қария Мелс Жәмілов жиналғандарға ақ батасын беріп, шараны ізгі тілекпен қорытындылады.

Қарасай ауданы

ӨМІРШЕҢ РУХАНИ МҰРА

Қарасай аудандық ардагерлер ұйымының Шамалған ауылдық округіндегі тарихи Мәдениет орталығындағы конференция залында «Абай – дана, Абай-дара қазақта» атты іс-шара өткізілді.

Іс- шараның мақсаты-жас ұрпаққа ұлы ойшыл ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын кеңінен таныстыру. Ең алдымен жиналғандарға ақынның шығармашылығына арналған Алпысбай Қазығұловтың суреттері, А. Бұқарбаев пен Бадамұратовтың туындылары ұсынылды. Шара барысында жазушы, ғалым, философия ғылымдарының докторы Нұрдаулет Ақыш және ақын, Абай атындағы қазақ ұлттық университетінің РПД докторанты, жазушылар одағының мүшесі Өміртай Еділханұлы сөз сөйлеп, Абай Құнанбайұлының шығармаларының өміршендігін, құндылығын айтып, философияға толы қара сөздеріне талдау жасады. Мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, оқушылар Абай өлеңдерін мен әндерін шырқады. Бұл кездесуде алаш жұрты үшін қай ғасырда болмасын Абайдың шығармашылығының өміршендігі тағы да бір рет дәлелденді.

XXX

Қазақстан Республикасы Конституциясына 30 жыл толу мерекесі аясында Шамалған ауылдық мәдениет үйінде «Бар қазаққа ән салдырған Шәмші» атты мерекелік концерт өтті.

Мерекелік шараны ауылымыздағы «Аналар» кеңесінің төрайымы, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің және Белсенді өмір сүру орталығының жетекшісі Гүлжамал Ахметова ұйымдастырды. Ол концерт басталмас бұрын сөз сөйлеп, композитор Шәмші Қалдаяқовтың туған күніне байланысты елімізде оның шығармашылығына арналған шаралар өтіп жатқанын айтты. Мәдениет үйінің директоры Шәрбану Шарикқызы бастаған өнерпаздар Сара Керім, Асан, Үсен Болатұлдары, Болат Құсайынов, Ахметова, Асылжан ата әуезді әндерді орындады. Сонымен қатар көрермендер Шәмші Қалдаяқовтың әндерін хормен қосылып айтып, залды әуезді әнге толтырды.

Кеген ауданы

АРДАГЕРЛЕР САЙЫСЫ

Кеген ауданы Тұйық ауылдық округінде шахмет пен дойбыдан ардагерлер арасында аудандық жарыс болып өтті.

Жарысқа аудандағы 12 ауылдық округтен 25 шахматшы, 17 дойбышы қатысты. Ардагерлер өзара сайысқа түсіп, жүлделі орындарға таласты. Төрешілердің қорытындысы бойынша Кеген ауылдық округінің шахматшысы Иембергел Тастанов бірінші орынды иемденіп, жеңімпаз атанды. Жүлделі орындарға ие болған шахматшылар мен дойбышыларға бағалы сыйлықтар мен дипломдар тапсырылды. Қалғандарына ынталандыру сыйлықтары тапсырылды.

ТҰСАУКЕСЕР

ЖЕҢІМПАЗ ЖОЛЫ

Тамыз айының соңғы күндерінің бірінде Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне орай Қарасай ауданы Кемертоған елді мекенінде орналасқан олимпиада қалашығында әнші, сазгер Мейірхан Махамбеттің ұйымдастыруымен «Жаса, қазағым!» атты кеш болып өтті. Бұл шара барысында Қазақстан боксынан аты аңызға айналған, бокс тарихындағы ерекше тұлға, 2000 жылғы Сидней Олимпиадасында 71 кг салмақ дәрежесінде Қазақстанға алтын медаль сыйлап, олимпиада чемпионы атанған Ермахан Ибраимовтың «Жеңімпаз жолы» атты кітабының тұсаукесері кесілгенін бірден айта кетейік.

«Жаса, қазағым!» атты кештің алдына қойған мақсаты да осы болатын. Кешке спортшының ата-анасы, туризм мен спорт министрлігінің өкілдері, Қарасай ауданы әкімдігінің өкілдері, спорт ардагерлері мен майталмандары, бокс саласында аты республикаға танымал бапкер-жаттықтырушылар, облыстық спорт басқармасының өкілдері, сахна өнері саңлақтары мен композиторлар және көпшілік бұқара халық қатысты.

Осы басқосу барысында алғашқы сөз кезегін алған белгілі спортшының әкесі Ибраимов Сағи асқалат осы шараға ат басын бұрып келгендердің барлығына алғыс сезімін жеткізіп, рахметін айтты.

-Әке-балаға сыншы. Болатын бала

жас кезінен өзінің болатынын байқатады ғой. Балаларымның ішінде осы баламның спортқа, оның ішінде жұдырықтасу өнеріне жақын екенін жас кезінен байқадым. Жас кезінен жасаған қадамдары менің үмітімді жалғаған секілді болды. Сол үмітім мені алдамапты. Сидней олимпиадасына барар кезінде баламның маған сыр бөлісіп, айтқаны есімде қалыпты. «Әке, осы жолы берсе қолынан, бермесе жолынан аламын, олимпиададан құр қол қайтпаймын» деп еді. Айтқаны маған берген уәдесі, өзіне берген серті болған болуы керек. Жарысқа жігерленіп кетіп еді. Сол айтқанында тұрды. Мемлекет байрағын Сидней төрінде желбіретіп, алтынмен оралғаны менің төбемді

көкке жеткізгендей еді. Әке үшін одан артық бақыт болмас.-деген сөзіне елжіреген көпшілік әке абыройына сезім-ризашылықтарын қол шапалақтаумен жеткізді.

Кештің модераторы, жүргізушісі болған жас композитор, әнші Есен Мырқасанов пен танымал, талантты әнші Раушан Садықанқызы сахна төрін әнмен көркемдеуге әншілерді кезекпен сахнаға шығара бастады. Сахна сәніне сән кіргізген өнер саңлақтары өздері салған әсем әндерімен көрермен көпшілікке рухани көңіл күй сыйлағаны анық. Олардың қатарында болған әнші-сазгер, продюсер Гаухар Қыпшақбайқызы, әнші-сазгер Түркістан облыстық және Шымкент қалалық композиторлар одағының мүшесі, жүзге жуық әннің авторы, әнші Роза Есенгелдиева, әнші-ұстаз Омарғазы Бекенұлы, әнші-ақын Гүлжанат Мұкамеджан мен Ұлжан Мұқтасарова, үздік әнші Ақмөлдір Жұмағалиқызы, бірнеше әннің авторы, әнші Есен Мырқасанов, үздік әнші, өнер майталманы Раушан Садықанқызы, эстрада әншісі Айбаршын Асанбекқызы, әнші Жадыра Мәлінбекқызы, биші-актриса Әлия Сарбаева, секілді өнер майталмандары мен мәдениет қайраткерлері өзезді әндерімен, мың бұралған билерімен көпшілік көрерменнің көңілінен шыға білді.

Сонымен қатар осы шара барысында бірнеше халықаралық сән байқауларына қатысып, гран при, бас жүлделерді жеңіп алған халықаралық модельдер тобының жетекшісі, өнер майталманы Ботан Керейқұлованың жетекшілігіндегі әжелерден тұратын «Алтын ханымдар» сән тобы көпшілік алдына шығып, сән үлгісін көрсетті.

Ұзамай даңқты спортшының «Жеңімпаз жолы» атты кітабының тұсаукесер рәсімі жасалынды. Оған спорт ардагерлері, әкімдік өкілдері қатысты.

Кітаптың жарыққа шығуына қуаныш иесінің Кеңес Садық, Ермахамбет Шындәулетов, Марат Ашимбаев және Михаил Джахкильгов секілді



жақын достарының қолдауы себеп болса керек. Осы басқосуда қуаныш иесі оларға деген ризашылық сезімін жасырмады.

Кітап туралы ой бөліссек, бұл кітап нағыз күрескердің өмір жолын мәңгілікке хаттап, оқырманды спорттық жеңістермен таныстырып қоюды ғана көздемейді, сонымен қатар оның мінезінің беріктігін, ұстанымына деген адалдығын, туған елі мен халқына деген сүйіспеншілігін паш етуді мақсат етеді. Бұл кітап-арнау, Яғни, батырлықтың, адалдықтың және қайыспас жігердің символына айналған адамға арналған құрмет. Оқырман қауым осы кітаптың парақтарын ашқан сайын ұлы спортшының өмірбаянын оқып қана қоймай, адал достық мәңгілік тірекке, шынайы құндылықтар бағыт берер жұлдызға айналатын әдемі бір әлемге енетіні анық.

Кітап кейіпкерінің қуанышын бөлісуге келген өз ұжымы, ағайын-туыстары, бауырлары, замандастары кезегімен сөз алып, құттықтап, сый сыпаттарын беріп жатты. Сол сияқты «Аманат» партиясы филиалының өкілі Ғазиза Омарова да партия атынан сөз алып, қуаныш иесін елеулі еңбегінің жарыққа шығуымен құттықтап, оған шығармашылық табыс, зор денсаулық, отбасы аман-

дығын, атқарған еңбегі жас ұрпаққа рух беруін тіледі.

-Бүгін тұсауы кесіліп отырған бұл кітап тек спорт шежіресі ғана емес, тәрбиелік мәні терең, жас ұрпаққа үлгі болатын еңбек деп білеміз. Сондықтан «Аманат» партиясы атынан партияласымыз Ермахан Сағиұлын осы елеулі еңбегінің тұсауы кесілгенімен шын жүректен құттықтаймыз.-деді ол.

Кеш қызығына келгендердің басы олимпиадаға даярлау орталығының асханасындағы жайылған ас дастарханы басына жиналды. Бұл жерде өмірден өткен қазақ спортының саңлақ ардагерлеріне бағышталып, құран оқылды. Сол жерде Ермахан Сағиұлының жолын берсін деген ниетпен бір жасар бүлдіршіннің тұсауы да кесіліп, ырымы жасалды. Қуаныш иесіне сый-сыяпат та жасалып жатты.

Ұлы спортшының «Жеңімпаз жолы» атты кітабының тұсаукесеріне арналған әнші-сазгер Мейірхан Махамбеттің ұйымдастыруымен өткен «Жаса, қазағым!» атты рухани тақырыпқа арналған кеш өз мақсатына толық жетті деп айтуымызға негіз бар.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.
Кемертоған ауылы.
Қарасай ауданы.

АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНДЕ

Қарасай ауданындағы қоғамдық ұйымдар жоспарлы түрде шаралар өткізіп, үнемі белсенділік танытып отырады. Атап айтсақ, тамыз айының соңғы күндері қала, ауылдық округтер ардагерлер кеңесінің төрағалары, «Асыл ана» ұйымының төрайымдары, Қаскелең қалалық әкімшілігі, «Алатау жастар «ұйымының басшысы, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы жетекшісінің қатысуымен қоғамдық ұйымдардың атқарылған жұмыстары сараланды.

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Жиынды Қарасай аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Ұлтаракұлы ашып, жиналғандарды күн тәртібімен таныстырып шықты.Сонымен қатар Қаскелең қалалық әкімшілігі әлеуметтік қажет ететін ҰОС-ардагерлерінің жесірлеріне, мүгедек ардагерлерге, тыл еңбеккерлеріне қолдау көрсету жөніндегі жұмыстарды кеңінен атап өтті. Сағат Ұлтаракұлының айтуынша Қаскелең қаласында 7792 зейнеткер оның ішінде ҰОС ардагелерінің 7 жесірі, 116 тыл еңбеккерлері, 95 жастан асқан 9 қария бар екен. «Алаш-С» медициналық орталығында 938 зейнеткер қаралуда, «Алматы Газ Сервис-Холдинг» акционерлік қоғамында ҰОС ардагерлері жесірлеріне жеңілдік жасалған. «Кебаб-центр» кафесінде мүгедектерге тегін тамақтану қарастырылған. «Виктория» сұлулық салонында ардагерлерге тегін қызмет көрсетіледі. «Алатау жастар» ұйымының төрайымы Ж Садубайұлының айтуынша жастар ұйымының мүшелері бірқатар іс-шаралар атқарған. «Таза – Қазақстан - Таза-Қарасай» акциясына орай жастар қолдау көрсетіп, 50-ге жуық сенбілік ұйымдастырып, «Өмірзақ» ықшам ауданында ағаштар отырғызған. ҰОС ардагерлеріне арналған ескерткішті қорғауды жастар қолға алған. Ұлы Отан соғысының Жеңісінің 80 жылдық мерекесіне орай жастарға әскери патриоттық тәрбие беру мақсатында аудандағы әскери қызметті атқарып жүрген шекарашылармен кездесу өткізіліп, олар өздерінің тыныс-тіршіліктері жөнінде айтты. Жастар арасындағы нашакорлық, құқық бұзушылық, лудомания сияқты әдеттердің қауіптілігі туралы мәселе көтеріліп, тиісті шара өткізілді. «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының жетекшісі Аңса Дүйсенбай өз жұмыстары туралы айтты. Орталықтағы әр түрлі үйірмелерге зейнеткерлер, өмірлік тәжірибесі мол аға-апаларымыз белсенді түрде қатысуда.

Орталықтың негізгі мақсаты- үлкен жастағы азаматтардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, денсаулығын нығайту, олардың мәдени және спорттық өмірге араласуына мүмкіндік жасау. Қазіргі таңда 100-ден астам қатысушылар бар. Бүгінгі күні дене шынықтыру, цигун, йога, емдік дене шынықтыру, скандинавиялық жаяу жүру, би үйірмесі, вокал сабақтары, қолөнер, шахмат, тоғызқұмалақ, смартфон, компьютерді қолдану және психологиялық, мотивациялық тренингтер-қатысушылардың көңіл-күйін көтеру, өз-өзін дамыту жұмыстары тегін жүргізіледі.

Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат. Ұлтаракұлы бастаған бірнеше ардагерлердің мүшелері биыл салынған жайлы мектепте жаңа оқу жылына орай «Мектепке жол» акциясын басшылыққа ала отырып, осы мектептің 5 оқушысына мектеп формалары мен оқу құралдарын салып жүретін портфельдерді сыйға тартты.

Сол сияқты Қырғызсай ауылдық округі аумағындағы табиғат аясында «Асыл ана» қоғамдық ұйымы мен аудандық белсенді ұзақ өмір орталығының ұйымдастыруымен шара өтті.

Шараға негізінен аудандық белсенді ұзақ өмір орталығына скандинавиялық жүру бойынша қатысушылар, белсенді ардагер-зейнеткерлер қатысты. Қатысушыларды топ жетекшісі, «Асыл ана» қоғамдық ұйымының басшысы Н.Байсеркеева шараның маңыздылығымен таныстыра отырып, үкіметтен ардагер-зейнеткерлерге көрсеткен қамқорлықтарына рахмет айта отырып, топ мүшелерінің санын бұдан да арттыру қажет екеніне баса назар аударды және осы шараға қатысушыларға жағдай жасаған аудандық Мәдениет үйінің басшылығына рахметтерін айтты.

Өз тілшімізден.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ МЕЖЕЛІ ШАРАЛАР

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы Ұйғыр ауданында салтанатты жағдайда кеңінен аталып өтті.

Мереке алдында мұнда бірнеше шаралар ұйымдастырылды. Оның барлығына аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері толық қатысып, белсенділік танытты. Конституция күніне орай ұйымдастырылған салтанатты шара аудандық кітапханада «Ата заң - Тәуелсіздік тірегі» атты тақырыпта өтті. Шараға аудандық кітапхана мен архив бөлімі, Райымбек ауданы бойынша шекара отряды Шонжы бөлімінің сарбаздары, Шонжы ауылдық округі әкімшілігінің қызметкерлері, ардагерлер мен белсенді азаматтар қатысты.

Шарын ауылының Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдығына арналған шара өтті.

Шараға аудан әкімшілігінің, ауылдық округ әкімшіліктерінің, аудандағы мекеме, ұжым және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың белсенді мүшелері қатысты. Шараның алдында жиналғандар Мәдениет үйінің күрделі жөндеуден өтіп, онда жұмыс істеп жатқан кітапхана бөлмесімен, домбра, би үйірмелерінің жұмысымен танысты. Шара басында залға мемлекетіміздің туы мен гербі енгізіліп, артынан әнұранымыз шырқалды. Аудан халқын Конституцияның 30 жылдығымен аудан әкімі Б.Елеусізова құттықтады.

Қазақстанның әрбір тұрғыны әділдікке, заңдылыққа, теңдікке және өзінің болашағына сенімді болуы тиіс,-деді аудан әкімі өз сөзінде. – Өйткені, қоғам мен мемлекет дамуының базалық қағидаттары, адамның, азаматтың және мемлекеттік

Бірінші болып сөз тізгінін алған кітапхана қызметкері А.Молдыбекова жиналғандарды Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толуы мерейтойлық мерекесімен құттықтап, Ата Заңымыздың еліміздің ішкі де, сыртқы саясатының бағытын айқындап, тәртіп пен тұрақтылықтың кепілі болып отырған басты құжат екендігін айтты. Шонжы ауылдық округі әкімшілігінің бас маманы Б.Акадиева мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Н.Байсеркеева сөз сөйлеп, Конституцияның маңыздылығы жөнінде өз ойларын ортаға салып қатысушыларды Ата Заңымызды құрметтеуге, отаншылдыққа, бірлікке шақырды. Шара соңында патриоттық әндер шырқалды.

билік субъектісінің кепілдіктері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Конституциясында нақты бекітілген. Оларды сапалы және тиімді іске асыру мемлекет пен қоғамның маңызды міндеті болып табылады. Аудан әкімі Б.Елеусізова өзінің баяндамасынан соң әр салада еңбек етіп жүрген белсенді азаматтарды облыс және аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапаттады.

28 тамызда Шонжы ауылында Қазақстан мен Қытай республикалары арасында Алматы - Шонжы - Долайты - Құлжа маршруттары бойынша автобус көлігінің тұрақты түрде қатынас жасап тұруына қызмет ететін Шонжы Көлік Бекетінің ресми ашылуы салтанатты түрде өтті.

Шараға аудан әкімшілігі мен Шонжы ауылдық округі әкімшілігінің қызметкерлері, ҚХР-сынан келген ресми өкілдер, аудандық ардагерлер ұйымының белсенді мүшелері және аудан жұртшылығы қатысты. Көлік Бекеті Кеңес одағы кезінен қалған Шонжы

Е.НҮРСЕЙІТОВ,
аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы.
Ұйғыр ауданы.

● ГОДЫ НЕ ПОМЕХА

СВЯЗНОЙ ПАРТИЗАН, ВОЕННЫЙ ЛЕТЧИК, ПРОРАБ НА СТРОЙКЕ

Или интересная жизнь ветерана из города Есик

О таких как Сергей Антонович обычно говорят: О его жизни книги бы писать! Мы познакомились с ним на весеннем турнире «Королевской игры» организованным Алматинским областным филиалом Казахской федерации шахмат в его родном городе. Он играл за шахматной доской будучи в возрасте за 90 лет! Представляете? И кстати, помнится, неплохой выдал результат. В двадцатке лучших оказался смело, а учитывая годы участника соревнований – это великолепно! Амандулла Абдимуратов, председатель комиссии по работе с районами от Алматинского ОФКФШ подтвердил, что на сегодня С. А. Сусол самый возрастной шахматист во всей Алматинской области и даже, возможно, во всем Казахстане!

Мы договорились встретиться и познакомиться поближе позже и такая возможность предоставилась нам наемдни.

В ДОМЕ У ВЕТЕРАНА

Вместе с коллегой, журналистом из Кызыл Орды, Максатом Имашевым нашли его затерявшийся скромный деревянный домик на улице Юбилейной, 15. Сергей Антонович радушно встретил нас во дворе и провел экскурсию по саду – огороду. Перед дверями дома пышно цвели флоксы, розы, гладиолусы, ждали своей очереди осенние хризантемы. А весной тут, говорят, благоухание разноцветных тюльпанов и нарциссов! Хозяин не преминул заметить: «Жена очень любила цветы, а я поддерживаю ее хобби уже без нее.

Тут надо пояснить, что супруга Люба, к сожалению, умерла четыре года назад. Трое сыновей тоже раньше времени ушли в мир иной. Ныне вдовец живет с дочкой Ольгой, присматривающей за папой после операции. Хотя он, разменявший 9 десяток, еще на зависть активный и врачи советуют дочери не досаждать его излишней опекой, памятуя, что жизнь – это движение!

Сам ухаживает за яблонями, абрикосами, сливой, малиной радующих ныне урожаем. Поливает помидоры, огурцы. Собирает созревшие косточковые, сушит их в тени на газете и запасает на зиму. Лучшие витамины в холода. А еще сам делает любимые малиновые компоты, консервирует помидоры, чему научила супруга.

Заходя в русскую избу, в сенцах, видим старую мебель. Хозяин, заметив наш интерес к ней, стал пояснять: «Вот этот шифоньер делал я сам. И этот книжный шкаф тоже.»

В доме сохранилась печь на дровах и угле. Хотя газопровод проходит рядом, топить приходится по старинке, так как финансово осилить подключение газа не могут.

В гостинной, усаживая нас за стол, продолжает хлопотать, заполняя скатерть домашней снедью и заготовками с огорода, приговаривая: «Сразу не отпущу вас. Вы мои гости». Из старого буфета достает красивую коробку с хорошим коньяком. За встречу!

ГОДЫ ВОЙНЫ И ОККУПАЦИИ

Родился Сергей осенью 1934 года на севере Правобережной Украины в селе Ново-чудновка Житомирской области. Из семерых детей в их большой семье он был третьим ребенком. Рядом с Ново-чудновкой была воинская часть, где служил их отец, кадровый офицер.

Перед самой войной в селе, вдруг, начались учения Красной Армии и в воздухе незримо витал дух приближения войны. И она наступила. В 1941 году этот регион первым оказался под немецкими бомбежками, (в начале где-то далеко, с доносившимся гулом) и люди не верили, думая, что это опять учения. Потом снаряды падали ближе. И только обращение по радио Председателя Совнаркома В.М. Молотова к советскому народу ввергло жителей в панику и страх. Спешно собрав нехитрый скарб и провизию, закрыв дом, с десятком односельчан они двинулись на обозах, следом за отступающими советскими войсками на восток, вглубь России. Передвигались в основном ночами проселками, перелесками. Но их караван, остановившийся на ночлег в одной деревне, настигли немецкие войска и собрав на площади под угрозой расстрела заставили вернуться домой.

Перед глазами предстали разбитые казармы военного городка, аэродром со сгоревшими самолетами. Естественно, от вражеских бомбардировок и артобстрелов пострадало и само село. В частности, в оставленном доме не было полстены и окон. Но деваться некуда, как смогли отремонтировали дом, и продолжили жизнь под оккупацией.

В памяти остался такой эпизод: Мама в деревянной посуде готовила муку для замеса



теста на обед. Немцы, зашедшие в дом, заставили ее есть эту муку. Через какое-то время, убедившись, что мука не отравлена, забрали корыто и запасы муки. Потом вообще вовсе расквартировались в их доме, видимо надеясь, что таким образом устроят засаду их отцу – красному офицеру, если тот, вдруг решит навестить семью.

В их семье было 6 человек и детей заставляли работать: они подметали дворы, носили воду, рубили дрова, топили печь.

Немцы устанавливали в селе свои порядки, искали сочувствующих Красной армии и советской власти. Расстреливали коммунистов, комсомольцев и евреев. Местные жители бежавшие в партизаны, оказывали сопротивление врагу, устраивая диверсии в тылу, нарушали связь. Новый староста села Дядько Иван, сочувствующий красным, предложил Сергею передавать информацию о проживающих в селе немцах, офицерах, технике, вооружении, численности. Мол, на тебя, из за малого возраста, подозрений не будет. Получив все инструкции Сергей прятал бумажку в башмаки и уходил с котомкой (грубая холщовая сумка) через плечо за село, в лес, якобы по грибы-ягоды. Посещал раз в неделю условные места, помогал партизанам получать необходимые им сведения о противнике. В случае проявления немецких патрулей на мотоциклах на дороге, он должен прятаться, а при угрозе задержания-записку проглотить. В самом отряде он не был, встречался с дозорными на краю леса.

Были у мальчишки другие рискованные истории, но судьба каждый раз спасала его от смерти и поимки врагом. Некоторые рассказы нашего героя мы хотим рассказать позже в нашей газете.

Кто-то верит в сказанное, кто-то нет, но Сергей Антонович говорит так: «Это чистая правда, я же был сыном офицера Красной армии.»

ИСКУПИТЬ ВИНУ КРОВЬЮ И ПИСТОЛЕТ ОТ МАРШАЛА

К слову, об отце. Жизненный путь Антона Дмитриевича Сусол уместить в двух словах невозможно: Летом 1941 г. буквально за день до начала войны, его срочно командируют на границу с Польшей. В первые дни войны его часть пыталась сдержать быстрое и мощное наступление врага. Но силы были неравны. Попал под обстрел немецкой артиллерии, был ранен, оказался в плену, бежал. Вышел на парти-

занский отряд и через него вернулся в свой мотострелковый полк. Его допрашивали сотрудники особого отдела НКВД. Плен, по законам военного времени, считался малодушием и позором. Бывшего офицера разжаловали до рядовых, отправили в штрафбат, дав шанс: «Стереть позор кровью!» Там от бойца требовалась не просто смелость – требовалась готовность отдать жизнь. Где доказал, что в бою он отважный и умелый командир.

В 1944 году был такой случай. Переломный момент наступил, победа была близка. Наши войска наступали, шли ожесточенные бои против немецкой группировки на территории Украины. Антон Сусол, бывший в то время старшиной, охранял со взводом в 21 человек склад с 200 тоннами ГСМ. Враг, при сильной огневой поддержке артиллерии, авиации, предпринял контратаку, отбросил наши части и стал теснить дальше. Так получилось, что склад с топливом, бывшей на нашей территории, оказался в окружении немцев. 3 дня взвод держался под напором врага, желающий захватить ценный объект. От взвода осталось только четыре человека, но склад они отстояли до успешного возвращения позиций нашими войсками. Маршал Иван Конев, командующий 1 Украинским фронтом, на радостях, снял свой Орден Красной Звезды и вручил старшине Сусол, а позже его наградили именным пистолетом.

Войну отец Сергея Антоновича закончил в звании капитана, в Австрии.

ВОЕННАЯ И ГРАЖДАНСКАЯ ЖИЗНЬ

После войны, отца служившего в авиационной дивизии командируют с семьей на Сахалин, на укрепление восточных воздушных и морских рубежей СССР. Расквартировались в поселке Шахтерск. Там Сергей Сусол закончил годичную летную школу и получив звание лейтенанта летал на самолете-истребителе ЯК-3, хорошо показавшим себя на фронтах в конце войны. Было много разных инцидентов в небе над Охотским и Японским морями. А также были спецкомандировки в составе авиаэскадрильи в дружеские страны, но об этом Сергей Антонович, даже сегодня не хочет рассказывать, так как подписывал документ о не разглашении государственной тайны.

В общей сложности Сергей Антонович прослужил в военной авиации 6 лет. Наверное, летал бы и дальше, но по состоянию здоровья был списан на гражданку. Кстати, хотите верить, хотите нет, но Сергей Антонович утверждает, что во время службы на Сахалине получил благодарность от самого маршала Советского Союза Константина Жукова. Он прилетал сюда с инспекцией авиационных частей в 1954 г.

После окончания службы Сергея направляют на учебу в Алма-Ату, учиться на стро-



ительную специальность в политехнический институт. Получил второе высшее экономическое образование.

Работая на стройках начальником участка Сергей Антонович одно время курировал в 1961 году очень большой проект – строительство завода в плодояноводческом совхозе «Казахстан» где было 2, 5 тысяч га виноградной и еще 270 га яблоневых садов. Работало 900 рабочих и инженеров. Именно там, на разбивке колонн под будущие корпуса, он впервые встретился с первым секретарем ЦК Компартии Казахстана Динмухамедом Конаевым, баллотировавшийся в депутаты Верховного Совета СССР. Объект надо было сдать к уборке винограда, а сроки горели. С Конаевым были сопровождающие лица. Тут стоит пояснить, что плодояноводческие в Казахстане активно создавались в 1950-1970 годах, в рамках программы развития сельского хозяйства и перерабатывающей промышленности СССР.

Так получилось, что Сергея Антоновича назначили ответственным за ударный объект который надо было сдать за 6 месяцев и он эту задачу выполнил. Для этого Д. Конаев ему дал карт-бланш. Выделил дополнительно 300 рабочих, 40 самосвалов и 7 автокранов. Лично контролировал стройку и раз в месяц появлялся на объекте сам. Иногда даже давал служебную «Чайку», чтобы Сергея Антоновича для отчета привозили в Алматы, на старую площадь в здание правительства. За свою работу Сусол получил премию в 500 рублей и итальянский костюм. Вот такую невероятную историю рассказал нам наш собеседник.

СЕКРЕТЫ ДОЛГОЛЕТИЯ

Незаметно пролетели три часа нашего общения и мы засобирались. «Пора и честь знать». Сергей Антонович нас не отпускал, обещая показать еще кучу интересных фото, стихов, мемуаров. Нашли компромисс: что это, Бог даст, не последняя наша встреча. Несомненно, не могли не задать вопрос о секретах его долголетия. 92 года- это вам не шутка! Сергей Антонович, как говорится, на все руки мастер. «И швец, и жнец, и на дуде игрец». Кроме того что наш герой был подпольщиком, военным летчиком, строителем, он и на пенсии не скушает. Садовод-огородник, гармонист, пишет стихи, книгу, играет в шахматы, (имеет к слову, звание Мастер спорта СССР.) Говорит: «Никаких секретов у меня нет. В годы войны был ранен осколком снаряда, знал голод, холод. В военной авиации жизнь бывало висела на волоске. В мирное время, работая на стройках я никогда не кушал по часам, так как были частые командировки, сверхурочные. Спортом занимался, но умеренно. Наверное, дело в генах, в везении. Я люблю жизнь, общение, природу, друзей. Я оптимист! Вот и весь мой секрет!»

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
город Есик



АЛЫСҚА ҚҰЛАШ СЕРМЕГЕН «АЛТЫН ХАНЫМДАР»

Іске деген сүйіспеншілігі бар адам қандай мамандық иесі болса да өз ісінің шебері болады және өмірін қоғамдық істермен сұлуландырып жүреді. «Жансарай» сырласу клубының кезекті қонағы-«Оқу ісінің үздігі», «Білім озаты» төс белгілерінің иегері, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, «Томирис патшайымы» орденінің иегері, мәдениет майталманы, әнші, биші. халықаралық «Аспара» фешин вик, «Милан» фешин вик сән шерулеріне қатысқан халықаралық модель, педагогика ғылымының академигі КЕРЕЙҚҰЛОВА Ботан Бекетбайқызы. Әңгіме өзегі ұлттық құндылығымызға бейімделген сән әлемі төңірегінде болмақ.

- Әңгіме-сырымызды өзіңізден бастасақ.
 - Өзім жайында айтар болсам,1952 жылы 4-ші мамырында Жамбыл облысы, Құлан ауданы, Ақыртөбе стансасында соғыс ардагерлері отбасында дүниеге келдім. Әкем Бекетбай соғыс ардагері, ал анам Рысқұл тыл ардагері еді. 1968 жылы мектепті күміс медальмен бітіріп, Абай атындағы ҚазПИ-дің физика факультетіне оқуға түстім. Білім саласында үзіліссіз елу жыл ұстаздық қызметімді атқарыппын. Мектептегі физика пәнінің мұғалімдігінен бастап, интернат меңгерушісі, оқу ісінің меңгерушісі, директордың ғылыми кеңесшісі, білім жетілдіру институтының әдіскері, калалық оқу бөлімінің бас маманы болып еңбек жолым өтті.

Тәжірибелі педагог, ғылыми кеңесші ретінде 3 әдістемелік кітап, 50-ден астам ғылыми еңбектер және әдістемелік оқу кешендерін жаздым. Халықаралық ғылыми конференциялар, оның ішінде Мәскеу, Ереван қалалары бар, қатысушы мен жинақ авторларының қатарында болдым. Әдістемелік оқу құралдарым озат тәжірибе ретінде республика көлемінде таратылды. Жас маман ұстаздарға бас әдіскер ретінде ұзақ жылдар көмек беріп отырдым. Мыңдаған шәкірттерім қоғамнан өз орындарын тауып, еңбегімді ақтап, ата-аналардың алғысына кенелтті.

- Еңбек жылдарыңыз ұстаздықпен өтіпті. Одан кейін де екі қолға бір іс болған шығар?

- Зейнет жасына жеткен соң басшы болып, кезінде қоғамдық жұмыстарды атқарып үйренген адамға үйде отыру өте қиын екенін түсіндім. Енді бір мезгіл өзіңе қарап, шығармашылықпен айналысып, өзіңді өзін дамыту, сонымен қатар қоғамға да пайдалы бір іске үлес қосу мақсаты тұрды. Сол бағытта өнер жолына бет бұрдым. Биді, әнді үйреніп алып, көпшілік алдына шыға бастадым. Алғашында тосырқамаң да халық ризашылықпен қабылдаған соң батылдық пайда болды. Мені дизайнер интернет желісінде айтқан әндерім мен биімді көріп, ұлттық киімдерді ұлықтауға, екінші сән әлеміне сұранып тұрсыз, лайықсыз деп шақырды.

Сонымен алға өзімді дамыту мақсатында сән әлеміне келдім. Бұрын да ұлттық киімдерді киіп жүргенмін. Сән әлемі арқылы ұлттық киімдерімізді өз елімізде емес, шет елде ұлықта-



ұлықтау ұлт үшін табылмас жетістік екенін түсіндім. Осылайша сән әлеміне қосылдым.

Менің ұлықтап киініп жүрген ұлттық киімім-заманауи үлгіде, бұрынғы Томирис патшайымының киім үлгісі. Қызығы осы үлгідегі киімді шет ел бастарын иіп, мойындап, таңқалып қабылдады. Біздер үшін үлкен мақтаныш осы болды. Европаның барлық елін аралап, ұлықтадық.

«Аспара» фешин вик, «Милан» фешин вик, Дубай, Сафари, Римде, тағы басқа жерлерде болып, сән әлемінің шерулеріне қатысып, республикалық, халықаралық байқау шерулеріне қатысып, Гран При жүлделерін жеңіп алдым. Сонымен қатар би байқауынан «Томирис патшайымы» орденін иелендім. Ал ән байқауынан да халықаралық деңгейде жүлде алып отырдым. Қазіргі таңда сән әлеміндегі халықаралық модельмін. Сертификатым бар.

- «Жалғыздың аты, жаяудың шаңы шықпайды» деген бар. Байқауларға өзіңіз ғана шықпай топ, ұжым құру ойыңызда болмады ма?

- Рас айтасыз, ондай ой келді маған. Достарым көп, үйде немере бағып отырған аналар



ға бет бұрып, «Әлемді таң қалдырған сұлу әжелер» тобына модель ретінде қуана кіріп, келістім. Өріне, бұл-әрі қуаныш,әрі мақтаныш. Қазақ аналарының әсіресе үйде отырғаны мені ойландыра бастады. Оның орнына олар да сән әлеміне шығып, шет елге сұлу, ұлттық киімдеріміз ұлттық ментелитетіміз, құндылығымыз, салт дәстүріміз екенін дәлелдеп, көрсетіп

көп. Неге соларды шақырмасқа?-деген ойда болдым. Бес –алты адаммен сөйлестім. Олар да қызығып жүріпті. Осылай қазақ аналарынан «Алтын ханымдар» тобы құрылды.

Топты құру мақсатым-қазақ аналарының да әлем таңқалатын сұлу, әдемі, көз сүйсінерлік ұлттық киімдерімізбен ұлттық құндылықтарымызды паш етіп, Европа әйелдерінен қалмай, сән ше-



рулеріне шыға алатынын көрсету, халықаралық модельдер шығару. Бұрын Европада шығатын болса, енді Милан, Франция, Америкада қазақ аналарын подиумға шығару. Әлемді таңқалдыратын сұлу әжелер бізде де бар екенін көрсету.

- Айтып отырғаныңыз тек айтуға ғана оңай болар? Қиындықтар болған шығар?

- Өріне, не нәрсе болса да алғашқыда қиындықтар көп болады. Бізде де қиындықтар мол болды. Негізгі қиындық-үйде жайбарақат отырған аналарды модельдік жүріске үйрету. Бұл-жәй жүріс емес, қара тер, ащы термен келетін еңбек. «Онда тұрған не бар, жүре салам» деген ойда болғандар болды. Бұл қате түсінік еді. Модельдік жүрістің теориясы да, практикасы да бар. Күніне 7000 қадаммен жүріп отыру керек. Шыдаған адам қалады, шыдамағандар ілесе алмайды. Үйде отырған үлкен кісілердің барлығының аяқтары, тізелері ауырады. Алғашқыда қиын жүріп кету, бірақ қарасаң, спорт. Өте қажет, денсаулыққа пайдалы. Мен өзім аяқтың ауырғанына қарамай алты айда қиындықты жеңіп, әрең үйрендім. Сондықтан уақыт керек. Сосын машықтанып аласың. Өзіңді керемет жеңіл сезінесің.

Тағы бір үлкен қиындық-дизайнердің ұлттық киімін алғанда қаражаттың керектігі, жетіспеуі. Ол анау-мынау емес, арнайы сән шеруіне арналғандықтан, қымбат маталардан тігіледіктен қаражат ауадай керек болды. Осындай қиындықтарды жеңіп отырдық. Одан бөлек ұсақ түйек қиындықтар да кездесіп жатты.

Қиындықты шешу адамның өзіне байланысты. Оны шеше отырып оның пайдасын көре білдік. Ұлы ғұлама Абай 17-ші қарасөзінде айтқандай, ақыл, жүрек, қайрат барда бәрін жеңдік.

- Қиындықтарды шешуде сырттан қолдау болды ма?

- Сырттан болды деп айта алмаймын. Қолдау тек өзімізден және отбасымыздан болды.

сән байқауы өтетінін, биыл да өткелі жатқанын естідік. Дайындығымыз осы шеруге қатысудан басталды. Әрі өзіміз топ болғандағы алғашқы өнер көрсеткен жеріміз осы байқау болды.

- Алғашқы тұсаукесеріңізден кейін тәжірибе жинақтап, жолдарыңыз ашылған шығар? Жетістіктеріңіз де жоқ емес болар?

-Иә. «Аспара» фешин вик сән шеруіне жылда қатысамыз. Одан кейін «Милан» фешин вик сән шеруіне қатыстық. Астана қаласындағы сән шеруінде болдық. Дубай, Рим, Сафарилендерге көрсетілімдерге қатыстық. Жалпы Европаны толық араладық. Барлық мерекелерде Алматы, Астана қалаларындағы шерулерде боламыз.

Республикалық сән шеруі байқауына қатысып, Гран При жүлдесін иеленсек, жақында халықаралық Қазақстан мен Қытай республикалары жасаған «Ұлы жібек жолы» фестивалінің байқауында да Гран При жүлдесін жеңіп алдық.

- Алда сіздерді қандай сапарлар күтіп тұр?

- Алда Бішкекте болатын халықаралық «Жаңа есім» жобасының фестиваліне қатыспақпыз. Өзімізге ұнайтын болғандықтан қай жерде өтпесін сол жерлердегі сән шерулерге қатысуымызды тоқтатпай, жалғастыра береміз.

- Топтың аты «Алтын ханымдар» екен. Ол нені білдіреді?

- Ұжым өте мықты. Ынтымақ, береке, бірлігі қалыптасқан. Ондағы аналар-Отанына, қоғамға әлі де қызмет атқаратын ұлт жанашырлары. Әлемді таң қалдырғысы келетін әжелерден тұрады. Біз оларды алтын сияқты шашып тұрған күн сәулесіне теңедік. Сондықтан топтың атын «Алтын ханымдар» деп қойдық. Топтың атқарған миссиясы атына сай деп ойлаймыз.

- Әлі де болса шешілмеген дүниелер бар ма?

- Өмір болған соң әріне шешілмейтін мәселелер де болады. Біз өз мәселемізді шамамыз келгенше ешкімге жалтақтамай өзіміз шешуге тырысудамыз. Дегенмен ұлттық дәстүріміздің жандануына жанашырлықпен қарайтын қолдаушылар, демеушілер болса, қуанар едік. Әрбір киетін ұлттық киіміміздің бағасы 150000-200000-дай болатынын ескерсек, белімізге көтерген шоқпарымыздың өзімізге қаншалықты ауырлығын сезінеміз. Бірақ әлі демеуші таппадық.

- Топтың ертеңгі күнін көз алдыңызға қалай елестетесіз?

- Топ дамуда. Ертеңгі күн біз үшін өте қымбат. Алдымызда әлі де араламаған, болмаған шет мемлекеттерге барып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау міндеті тұр. Біздер тек өзіміз үшін емес, қазақ ұлтының нағыз патриот әжелері ретінде жететін биіктеріміз алда және соған жетеміз деп ойлаймыз. Бәрі бір Алланың қолында. Сол мақсатқа жұмыс істеп жатырмыз.

- Сіз, сіздің топ мойнына алған ұлы міндеттің ауырлығын сезіп отырмын. Алайда,



Сонымен қатар желідегі риза болған халықтан болды.

- Сонымен топ құрылды. Алғашқы топтық жұмыс, топтық қадам неден басталды?

- Алғашқы қадам жүрек қалауымен бір бірімізді табудан басталып, танысып, жаттығудан басталды. Тараз қаласында жылда «Аспара» фешин вик атты

қолға алған дүние-ел үшін, жер үшін абыройлы іс. Осы жолда сіздерге қажымас қайрат, мықты денсаулық пен шығармашылық табыс тілеймін. Ағыңыздан жарылып айтқан сырларыңызға рахмет.

Сырласқан
СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Білім беру объектілерінде медициналық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Білім беру объектілерінде медициналық қамтамасыз етудің жалпы қағидаттарына: дене тәрбиесі, тамақтану мәселелері бойынша оқушыларды ақпараттық-санитариялық ағарту, созылмалы аурулардың алдын алу және сауықтыру іс-шаралары, оқушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсарту, қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардың алдын алу жатады.

Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық көмек көрсету медициналық пункттерде жүзеге асырылады. Объектілерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, сырттан аурулардың алдын алуға және оны төмендетуге бағытталған сауықтыру іс-шараларының кешенді жоспары жасалады. Аурудың созылмалы түрлерімен, тәуекел факторларымен диспансерлік есепте тұрған, сондай-ақ жекелеген жіті аурулармен ауырған білім алушылар мен тәрбиеленушілер құрылған жоспарға сәйкес диспансерлік бақылауға және сауықтырылуға жатады. Білім беру ұй-

ымдарына түсетін білім алушылар мен тәрбиеленушілер медициналық тексеруден өтіп, денсаулық жағдайы туралы анықтамалар ұсынады.

Білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлері білім алушылар мен тәрбиеленушілер немесе қызметкерлер арасында жұқпалы ауруларды тіркеу кезінде, сондай-ақ профилактикалық мақсатта санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізеді, білім алушылар арасында аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру бойынша оқыту семинарлары мен дәрістерін ұйымдастырады және өткізеді, медициналық қызметкерлер келгенге дейін шұғыл жағдайларда алғашқы көмек көрсетеді жедел медициналық жәрдем, объектілер қызметкерлерінің профилактикалық медициналық тексерулерден уақтыды өтуіне есеп жүргізеді, ас блогы қызметкерлерінің денсаулығын бақылайды, негізгі өнімдер бойынша тәуелсіз нормалардың орындалуына талдау жүргізеді. Жыл сайын және сұрау салу бойынша сырттан ауырып, профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды өткізу, денсаулық жағдайы бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бөлу (денсаулық топтары), дене бітімінің дамуы, диспансерлік бақылау және жүргізілген сауықтыру топтары бойынша ақпаратты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне ұсынады.

Мерзімді медициналық тексеруді бекітілген кестеге сәйкес емхана қызметінің мамандары, атап айтқанда тіс дәрігері, ЛОР дәрігері, көз дәрігері, не-

вропатолог, педиатр, дерматолог, эндокринолог, хирург жүргізеді. Мерзімді медициналық тексеру мыналарды қамтиды: дәрігерге дейінгі, білікті және мамандандырылған кезеңдер. Дәрігерге дейінгі кезеңді білім беру ұйымының орта медицина қызметкері жүргізеді, яғни антропометриялық өлшеулер жүргізу, психофизикалық дамуды бағалау, қан қысымын өлшеу, көру және есту өткірлігін анықтау, қан мен зәрді жалпы талдау. Мамандардың қорытындысы мен зертханалық-диагностикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша денсаулық топтарын анықтай отырып, оқушылардың жағдайын кешенді бағалау жүргізеді.

Біздің балаларымыздың денсаулығына жауапкершілік пен негізгі қамқорлық тек ата-аналарға ғана емес, сонымен қатар білім беру және медициналық мекемелерге де жүктеледі. Біздің балаларымыз ауру емес, білім бағажы бар мектептерді бітіруі үшін біз денсаулықты сақтау және нығайту үшін барлық қажетті жағдайларды жасап қана қоймай, балалардың психологиялық тыныштығын қорғап, бағалауымыз керек. Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, білікті медициналық қызмет көрсету оқушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету, қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз ету үшін қажет.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы